

Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жер участеклерін жалға берген кезде конкурстарды ұйымдастыру және откізудің ережесін бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2005 жылғы 2 наурыздағы № 165, Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі төрағасының 2005 жылғы 25 ақпандағы № 24-о Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2005 жылғы 28 наурызда тіркелді. Тіркеу № 3518. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 11 қарашадағы № 474 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.11.2016 № 474 (алғашқы реңми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 қарашадағы № 1140 қаулысымен бекітілген Жер участекін немесе жер участекін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) ұйымдастыру және откізу ережесінің 64-тармағын жүзеге асыру мақсатында

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы З :**

1. Қоса беріліп отырған Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жер участеклерін жалға берген кезде конкурстарды ұйымдастыру және откізу ережесі**бекітілсін**.

2. Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару агенттігі осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге **енгізсін**.

3. Осы бұйрық реңми жарияланған күнінен бастап қүшіне енеді.

**Қазақстан Республикасы**

**Ауыл шаруашылығы министрлігі**

**Қазақстан Республикасы**

**Жер ресурстарын басқару**

**агенттігінің Төрағасы**

**Қазақстан Республикасы**

**Ауыл шаруашылығы министрінің**

**2005 жылғы 2 наурыздағы**

**N 165 және**

**Қазақстан Республикасы**

Жер ресурстарын басқару  
ағенттігі төрағасының  
2005 жылғы 25 ақпандасы  
N 24-ө бірлескен  
бұйрығымен бекітілген

**Жер участекелерін ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу  
үшін жалға беру конкурстарын ұйымдастырудың  
және өткізудің**

### **ЕРЕЖЕСІ 1. Жалпы ережелер**

1. Осы Ережелер ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жер участекелерін жалға беру конкурстарын ұйымдастырудың және өткізудің тәртібін айқындайды.

2. Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) конкурстық комиссия - аудандық (қаладағы аудандардан басқа) жергілікті атқарушы органның шешімімен бекітілетін, құрамына ауылдық округтардың әкімдері, басқа да жергілікті атқарушы және өкілетті органдардың, облыстардағы жер ресурстарын басқару өкілетті органдарының өкілдері және ауыл шаруашылығы бөлімшелері мамандары кіретін, құрамы 5 адамнан аспайтын, сондай-ақ қажет болған жағдайда ауыл шаруашылығы саласының аса білікті мамандары енгізілген сараптама тобы, тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган;

2) конкурсты ұйымдастырушы (жалға беруші) - аудандық (қаладағы аудандардан басқа), қалалық атқарушы орган;

3) қатысушы - белгіленген тәртіппен тіркелген конкурсқа қатысушы жеке және занды тұлға.

### **2. Конкурстарды ұйымдастырудың және өткізудің тәртібі**

3. Конкурсқа пайдалануға берілмеген ауыл шаруашылығы мақсаттарындағы мемлекет меншігіндегі жер участекелерін жалға алу құқығы ұсынылады.

4. Конкурсты ұйымдастырушы Қазақстан Республикасының және тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында таратылатын мерзімді баспасөз басылымында жарияланатын ақпарат хабарлама дайындайды.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Жер ресурстарын басқару агенттігі төрағасының 2011.03.31 № 78-ОД және ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2011.05.19 N 06-3/268 (ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

5. Конкурсты ұйымдастырушы конкурс өткізу күнінен 30 күнтізбелік күннен бұрын ақпарат хабарламаны жариялайды және хабарландыруда мынадай ақпарат

б о л у ф а

Т и с т и :

## к о н к у р с            θ т к і з у            к γ н і ;

осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес жер участкерлерінің тізбесі; жер участкесін пайдаланудың талаптары мен шарттары.

6. Конкурсты ұйымдастырушының конкурсты ұйымдастыру және өткізу шығындары тиісті жергілікті бюджет қаражатының есебінен өтеледі.

7. Конкурсқа қатысуға, ақпарат хабарламада көрсетілген мерзімнен кешіктірмей, өтінім берген Қазақстан Республикасының азаматтары және мемлекеттік емес заңды тұлғалар, сондай-ақ шетелдік азаматтар, азаматтығы жоқ тұлғалар және шетелдік заңды тұлғалар жіберіледі.

8. Конкурсқа қатысушы ретінде тіркелуі үшін тұлғаны куәландыратын құжат және конкурстық өтінім ұсынылады.

9. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген занды тұлғаның конкурстық өтінімінде мына дай мәліметтер болуға тиісті:

1) осы Ереженің 2-қосымшасында көрсетілген үлгіде конкурсқа қатысуға өтінім (түпнұсқа);

конкурсқа қатысуға ниет білдірген қатысушы бір немесе бірнеше жер участкелеріне конкурстық өтінімін ұсынады;

2) занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы күәліктің нотариалды күәландырылған көшірмесі;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлеу мерзімі ұзартылған жағдайларды қоспағанда, конкурстық етінімдер салынған конверттерді ашу күнінің қарсаңында салық және жинақтаушы зейнетақы қорларына міндепті зейнетақы жарналары бойынша үш айдан асатын мерзімі өткен берешегінің жоқ немесе бар екендігі туралы бірінші басшының немесе қол қоюға құқығы бар тұлғаның қолы қойылған, осы салық органының мөрі басылған тиісті салық органының белгіленген нысандағы анықтамасының түпнұсқасы немесе нотариалды қуәландырылған көшірмесі;

4) қатысушы ұсынاتын бизнес-жоспар немесе жер участкесін пайдаланудың еркін түрде дайындалған бағдарламасы;

5) кәсіпорынның штатында ауыл шаруашылығының мамандықтары бойынша біліктілігі мен жұмыс стажы көрсетілген, кем дегенде 2 маманы бар болуы туралы, бірінші басшысының немесе қол қоюға құқығы бар тұлғаның қолы қойылған, заңды тұлғаның мөрі басылған анықтамасының түпнұсқасы;

6) ауылшаруашылық дақылдарды өндіру үшін қажетті ауылшаруашылық машиналары бар болуы туралы (бірінші басшысының немесе қол қоюға құқығы бар тұлғаның қолы қойылып, заңды тұлғаның мәрі басылған) анықтаманың түпнұсқасы және (немесе) оларды сатып алу (жалға алу, қызмет көрсетуді сатып алу            және            т.б.)            шартының            көшірмесі;

7) қатысуышыға, конкурстық комиссия жеңімпазды анықтағанда ескерілетін, езі туралы басқа да сенімді ақпараттарды ұсынуға болады.

10. Конкурсқа қатысуға ниет білдірген жеке тұлғаның конкурстық өтінімінде мына дай мәліметтер болуға тиісті:

1) жеке тұлға куәлігінің (төлкүжат) немесе уақытша куәлігінің көшірмесі;

2) осы Ереженің 3-қосымшасында көрсетілген үлгі бойынша конкурсқа қатысуға өтінім (түпнұсқа);

конкурсқа қатысуға ниет білдірген қатысуши бір немесе бірнеше жер участеклеріне конкурстық өтінімін ұсынады;

3) қатысуши ұсынатын бизнес-жоспар немесе ауылшаруашылық дақылдар өндіру үшін қажетті ауылшаруашылық машиналары көрсетілген ерікті түрде дайындалған жер участекін пайдалану бағдарламасы және (немесе) оларды сатып алу (жалға алу, қызмет көрсетуді сатып алу және т.б.) шартының көшірмесі;

4) білімі туралы дипломның көшірмесі (болған жағдайда) немесе ауыл шаруашылығы саласындағы еңбек қызметі және жұмыс стажы туралы мәліметтері бар өмірбаяны;

5) қатысуышыға, конкурстық комиссияның жеңімпазды анықтауда ескерілетін, езі туралы басқа да сенімді ақпарат ұсынуға болады.

**Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жер ресурстарын басқару агенттігі төрағасының 2011.03.31 № 78-ОД және ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2011.05.19 N 06-3/268 (ресми жарияланғаннан кейін он құнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

11. Кез-келген қатысуши, өз бастамасымен, өндіріс көлемін және салық аударымдарды өсіруге, жер участекі орналасқан ауыл округінің әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға мүмкіндік туғызатын өзіне қосымша міндеттерді алу бойынша ұсыныстар енгізуге болады. Ондай ұсыныстардың болмауы конкурстық өтінімді қабылдамауға негіз болып саналмайды.

12. Конкурстық өтінімнің қолданылу мерзімі конкурстық өтінімдер бар конверттерді ашқан күннен бастап 30 күннен кем болмауға тиіс.

Қолданылу мерзімі одан кем конкурстық өтінім қабылданбайды.

13. Конкурстық өтінім өшпейтін сиямен қатысуышымен басылып немесе жазылып, тігілген түрде нөмірленген беттерімен ұсынылады және соңғы беті жеке тұлға үшін - қатысуышының қолымен, ал занды тұлға үшін - бірінші басшысының (сенім жүктелген тұлғаның) қолымен және мөрімен қуәландырады.

14. Конкурстық өнімінде, қателерді түзету қажет болған жағдайды қоспағанда, қатысуышының грамматикалық немесе арифметикалық жол арасында қосымша жазылған ешқандай қосулары, өшіру немесе қосып жазуы болмауы тиіс.

15. Қатысуши конкурстық өтінімді конвертке салып, жапсырып, онда мына дөректерді көрсетеді:

өзінің атауы және мекен-жайы;

конкурсты ұйымдастырушының, оның мекен-жайы және "Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер участекелерін жалға беру жөніндегі конкурс" және "(ашудың нақты күні мен уақыты) \_\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ сағатқа дейін ашуға болмайды" деген сөздер жазылады.

16. Конкурстық өтінімдер конкурсты ұйымдастырушыға соңғы қабылдау мерзіміне дейін қолма-қол немесе почта арқылы табыс етіледі.

17. Конкурсты ұйымдастыруши (оның жауапты тұлғасы) конкурстық өтінімді табыс етудің мерзімі өткеннен кейін түскен барлық конкурстық өтінімдерді қабылдамайды, ашпайды және оны қатысуышыға кейін қайтарады.

18. Конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткенге дейін қатысуши өзі енгізген конкурстық өтінімді өзгерте немесе қайтара алады. Өзгерістер конкурстық өтінімнің әзірленуі сияқты, жабылуға және табыс етілуге тиіс. Мұндай өзгеріс немесе кері қайтару туралы ескеरту, егер оны конкурсты ұйымдастыруши конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткенге дейін алған болса, жарамды болып табылады.

19. Конкурстық өтінімдерді табыс етудің соңғы мерзімі өткеннен кейін ұсынғаннан конкурстық өтінімдерге ешқандай өзгеріс енгізуге болмайды.

20. Қатысуышының өкілетті өкілдері, өздерінің қатысып отырғанын растап, қатысуышыларды тіркеу журналына тіркелуі тиіс.

21. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдер салынған конверттерді барлық қатысуышылар немесе олардың өкілетті өкілдерінің қатысуымен ашады.

22. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашқанда, қатысып отырған тұлғаларға қатысуышылардың атауы мен мекен-жайы, конкурстық өтінімдерді кері қайтару, өзгеру және конкурстық өтінімді құрайтын құжаттардың бар екені немесе жоқ екені туралы ақпарат хабарлайды.

23. Конкурстық өтінімдер салынған конверттерді ашу процедурасы бойынша Конкурстық комиссияның төрағасы, оның орынбасарлары, мүшелері және хатшысы қолдарымен бекітілген конверттерді ашу хаттамасы жасалады.

24. Конкурстық комиссия конкурстық өтінімдерді, олардың толықтылығын, есептердегі қателердің, құжаттарға қойылған барлық қолдардың бар екендігін, сондай-ақ жалпы алғанда құжаттардың ресімделуінің дұрыстығын зерделейді.

25. Сараптамалық топ, қатысуышылар ұсынған, бизнес-жоспарлардағы (өндірістік бағдарламалар) есептердің негізdemесін және жер участекесін тиімді және ұтымды пайдалануды қамтамасыз етудің мүмкінділігін зерделейді және екі күннен кешіктірмей өз қорытындысын Конкурстық комиссияға ұсынады.

26. Конкурстық комиссия, осы Ереженің 27-тармағында көрсетілген критерияларға сай, конкурстық өтінімдерді бағалайды, салыстырады және жеңіп

шыққан конкурстық өтінімді анықтайды.

Конкурстық комиссия, осы Ереженің 27-тармағында көрсетілген критерилерге сай келмесе, қатысуышылардың конкурстық өтінімдерін қабылдаудан бас тарта алады.

27. Конкурс жеңімпазын анықтағанда негізгі критериялар болып мыналар та б ы л а д ы :

1) жерді қорғау, оны тиімді және ұтымды пайдалану бойынша ұсыныстар;

2) егіс айналымдарының жүйесін енгізу мен сақтау, топырақтың құнарлылығын арттыру бойынша шаралардың және міндеттемелердің жоспары б о л у ы ;

3) жерді пайдалануға озық агротехнологияларды енгізу бойынша ұсыныстар;

4) қосымша жұмыс орындарын ашу;

5) бизнес-жоспары (өндірістік бағдарлама) бойынша сараптама тобының жарамды қорытындысы.

28. Конкурстық комиссия жеңімпазды анықтағанда, кем дегенде 2 қатысуышының конкурстық өтінімдері осы Ереженің 27-тармағында көрсетілген критерияларға сай келгенде, басымдық келесі тұлғаларға беріледі, олар:

жер участкесі арнайы жер қорына енгізілгенге дейін міндеттерін тиісінше орындалап, жер участкесін уақытша өтеулі жер пайдалану құқығында пайдаланған т ұ л ғ а л а р ;

репатрианттар (оралмандар), сондай-ақ Қазақстан Республикасының ауылдық аумақтарын дамыту мемлекеттік бағдарламасына сәйкес болашақсыз ауылдық елді мекендерден қоныс аударған Қазақстан Республикасының азаматтары;

конкурсқа салынған жер участкесі осы азаматтар тұратын ауылдық округінің аумағында орналасқан жағдайда және ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін конкурсты өткізу кезінде жер участкелері болмаған Қазақстан Республикасының азаматтары ;

өз бастамасымен көп жұмыс орындарын ашуға, өндірістің көлемі мен салық аударымдарын өсіруге, ауыл округінің әлеуметтік инфрақұрылымын қолдау мен дамытуға мүмкінділік туғызатын қосымша міндеттемелерін алу ұсыныстар ен г і з г е н т ұ л ғ а л а р ;

ауыл шаруашылығы білімі мен ауыл шаруашылығы салаларында жұмыс стажы бар тұлғалар.

29. Бәсекелестік орта болған жағдайда, конкурстың қорытындысын шығарған кезде, Конкурстық комиссия жеңімпаздан басқа, өтінімдері артықшылықпен көрінген екі қатысуышыны белгілейді.

30. Конкурстық комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік ашық дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Конкурстық комиссияның төрағасы дауыс берген шешім қабылданды деп

## с а на л а д ы .

Конкурстық комиссияның мүшелері өздерінің ерекше ойларын білдіре алады, егер де осындай ойлар айтылар болса, онда олар жазбаша түрде толтырылып хаттаманың қосымшасы ретінде бірге беріледі.

31. Конкурстық комиссия, конкурстық өтінімдер салынған конверттер ашылған күннен бастап он күннен аспайтын мерзімде, конкурстың қорытындыларын жасайды.

32. Конкурстық комиссия отырысының нәтижелерінің қорытындысы туралы хаттама ресімделеді, онда қатысушылардың атауы, тұрған жері, реквизиттері (жеке тұлғалар үшін мекен-жайы мен аты-жөні) және солардың негізінде конкурстың жеңімпаздарын, бас тартқан себептерді көрсете отырып, талаптарға сай келмейтін қатысушылардың атауы мен тұрған жері, анықтау шарттары көрсетіледі. Сондай-ақ, қорытынды туралы хаттамада конкурсты ұйымдастыруши үшін жеңімпаздың өтінімінен кейін өтінімдері басымды конкурсқа қатысушылар көрсетіледі.

Конкурстың қорытындылары туралы хаттамада Конкурстық комиссияның барлық мүшелерінің қолы қойылады. Конкурс ұйымдастыруши конкурстың қорытындылары туралы Хаттамасына қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні мерзімінде конкурс нәтижелерін, оның атауын, жеңімпазы мен оның мекен-жайын көрсете отырып, мерзімді баспасөзде жариялау жолымен барлық қатысқан қатысушыларға хабарлайды.

33. Конкурсты ұйымдастыруши конкурс қорытындылары туралы Хаттамасына қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні мерзімінде жеңімпаз атанған қатысушыға оның конкурстық өтінімі ұтқандығы туралы жазбаша хабардар етеді, сонымен бірге осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес ұлгі шарт нысаны бойынша жасалған жер участекін жалға алу Шартының жобасына қол қойып оған жібереді (бұдан әрі - Шарт).

34. Конкурстың жеңімпазы, Шарттың жобасын және оның конкурстық өтінімі ұтқан деп танылғандығы туралы хабарламаны алған күннен бастап он күн мерзімінде, конкурсты ұйымдастыруышмен бірге Шартқа қол қояды.

35. Егер де жеңімпаз деп танылған қатысушы, осы Ереженің 34-тармағында көрсетілген мерзімде, Шартқа қол қоймаса, конкурстың ұйымдастыруышы, конкурстың қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес, жеңімпаздың ұсынысынан кейін конкурстың өтінімі басымды көрінген қатысушымен Шарт жасасады.

36. Егер конкурсқа қатысушылардың саны екі адамнан кем немесе барлық конкурстық өтінімдер талаптарға сай келмейді деп кері қайтарылған болса, конкурстық комиссиямен конкурс өткізілмеген деп есептеледі.

37. Егер кезектес екі конкурска бір ғана өтінім берілсе, жер участкесін жалға алу құқығы конкурсттан алынып, сол жалғыз қатысушыға табыс етіледі.

38. Конкурс қорытындылары туралы хаттама конкурстың жеңімпазына жер участкесін жалға алу құқығын табыс етуге негіз болып табылады.

39. Конкурстың қорытындылары баспасөз басылымдарында жарияланған күннен бастап 10 күндік мерзімде жер участкесін жалға беру құқығы туралы жергілікті атқарушы орган шешімін қабылдайды.

40. Жер учаскесінің құқығын қуәландырылатын құжат (Ұзақ мерзімді үақытша өтеулі жер пайдалану құқығы жөніндегі акт; жалға алу) жер учаскесінің шекарасын жергілікті жерде белгілегенмен кейін 7 қундік мерзімде беріледі.

41. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерден жер участкелері жалға Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 30-бабының 3) тармағына, 12-бабының 16) тармағына және 37-бабының 5 тармағына сәйкес:

Қазақстан Республикасының азаматтарына және занды тұлғаларына 49 жылға  
д е й і н г і м е р з і м г е ;

шетелдік азаматтарға, азаматтығы жоқ тұлғаларға және шетелдік занды тұлғаларға 10 жылға дейінгі мерзімге беріледі.

Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу  
үшін жер участкерлерін жалға беру  
конкурстарын ұйымдастыру және  
өткізу Ережесіне 1-қосымша

## Жер участкелері Тізбесінің нысаны

## Жер участкерінің тізбесі

Жер уч. N	Жер участке-сінің қысқаша сипаттамасы	Көле-мі,га	Жалға беру мерзімі, Жыл	1 га жердің жалға беру күны	Ж е р учаскесінің орналасқан жері (шаруа- шылық, аудандық орталықтан орталыққа дейінгі опраташа қашықтық)
	1	2	3	4	5

Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін жер участкерлерін жалға беру

конкурстарын ұйымдастыру және  
өткізу Ережесіне 2-қосымша.

Конкурсқа қатысу үшін өтінім нысаны  
(занды тұлғалар үшін)

( К і м г е )

---

(конкурсты ұйымдастырушының атауы)

( К і м н е н )

---

(қатысушының атауы)

**Конкурсқа қатысу үшін өтінім**  
(занды тұлғалар үшін)

Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы  
мақсатындағы жер участкерлерін жалға берген кезде конкурсты жүргізу  
туралы Конкурстық құжаттаманы қарастырып,

---

---

(қатысушының атауы)

арқылы алынғандығы осы құжатпен куәландырылып, келесі лоттар  
бойынша конкурсқа қатысады:

---

---

---

(лоттардың толық сипаттамасы)

Осы конкурстық құжаттама мыналардан тұрады:

1. \_\_\_\_\_
2. \_\_\_\_\_
3. \_\_\_\_\_
4. \_\_\_\_\_
5. \_\_\_\_\_

Біз сіздің Конкурстық құжатта көрсетілген конкурстық  
шарттарыңызбен келісеміз.

Осы конкурстық өтінім конкурстық өтінімдері бар конверттерді  
ашқан күннен бастап \_\_\_\_\_ күн ішінде күші бар.

(жазбаша)

Жер участкесін жалға беру туралы шартты жасағанға дейін,  
бұл конкурстық өтінім, Сіздің оны жеңгендігін растайтын хабарламамен  
бірге міндетті келісім-шарт рөлін атқаратын болады.

Конкурстық өтінімге \_\_\_\_\_

(қатысушының атауы)

атынан және оның тапсырмасымен қол қоюға барлық күші бар.

(коЛы)

### (қызметі, аты-жөні)

M.O.

Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу  
үшін жер участкерлерін жалға беру  
конкурстарын ұйымдастыру және  
өткізу Ережесіне 3-косымша

## Конкурсқа қатысу үшін өтінім нысаны (жеке тұлғалар үшін)

( K i M G e )

(конкурсты үйімдастырушының атауы)

( K i M H e H )

(қатысушының атауы)

## Конкурсқа қатысу үшін өтінім

(жеке тұлғалар үшін)

Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер участкерлерін жалға беру жөніндегі конкурсты жүргізу туралы Конкурстың құжаттаманы қарастырып,

(қатысушының атауы)

арқылы алынғандығы осы құжатпен куәландырылып, келесі лоттар бойынша конкурсқа қатысады:

(лоттардын толык сипаттамасы)

Бұл конкурстық құжаттама мыналардан турады:

1. \_\_\_\_\_
  2. \_\_\_\_\_
  3. \_\_\_\_\_
  4. \_\_\_\_\_
  5. \_\_\_\_\_

Осы конкурстық өтінім конкурстық өтінімдері бар конверттерді ашқан күннен бастап күн ішінде күші бар.

(жазбаша)

Жер участкесін жалға беру туралы шартты жасағанға дейін, осы конкурстық өтінім, Сіздің оны жеңгендігін растайтын хабарламамен бірге біздің арамыздағы міндетті келісім-шарт рөлін атқаратын болады.

Конкурстық өтінімге

(қатысушының атауы)

атынан оның тапсырмасымен қол қоюға барлық күші бар.

(қолы)

(қызметі, аты-жөні)

М.О.

Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу  
үшін жер участкелерін жалға беру  
конкурстарын ұйымдастыру және  
өткізу Ережесіне 4-қосымша

Жер участкесін жалға беру типтік шартты нысаны

## Жер участкесін жалға беру типтік шартты

Қала (кент, ауыл) \_\_\_\_\_ N \_\_\_\_ " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жыл  
Біз, төменде қол қоюшылар,

(жергілікті атқарушы органның атауы )  
әрі қарай "Жалға алушы", екінші жағынан "Жалға беруші",  
осы Шартты жасадық.

### 1. Шарт мәні

1.1. Жалға беруші Жалға алушыға ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу мақсатында, Шартқа қоса беріліп отырған жер участкесінің жоспардағы шекара шегінде, жер участкесінің жалдау құқығын береді.

1.2. Жер участкесінің орналасқан орны және оның мәліметтері:  
Кадастрық номірі \_\_\_\_\_ (коды). Көлемі \_\_\_\_\_ га, соның ішінде:  
ауыл шаруашылығы алқаптары \_\_\_\_\_ мың га, (егістік \_\_\_\_\_ га,  
көпжылдық екпелер \_\_\_\_\_ га, шабындықтар \_\_\_\_\_ га, жайылымдар \_\_\_\_\_ га).

Мақсатты пайдалануы \_\_\_\_\_

Пайдаланудағы шектеулер мен ауыртпашилықтар \_\_\_\_\_

Бөлінуі немесе бөлінбейуі \_\_\_\_\_

### 2. Жалдау ақысының мөлшері

2.1. Жер участкесінің жалдау ақысының мөлшері \_\_\_\_\_  
курайды.

(сомасы санмен және жазбаша)

### **3. Тараптардың құқықтары және міндеттері**

3.1. Жалға алушының құқықтары: \_\_\_\_\_

3.2. Жалға алушы Шарт талаптарын сақтауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамаларына сәйкес белгіленген жер участкесін пайдаланудағы құқықтық шектеулер және ауыртпашылықтарын көтеруге міндетті.

3.3. Жалға берушінің құқықтары:

1) \_\_\_\_\_

2) Жалға алушы 4-тармақтың 1-тармақшасында көрсетілген қосымша міндеттемелерді орындамағанда Жалға беруші Шартты белгіленген тәртіппен біржакты бұзып, жер участкесін арнайы жер қорына қайтарады.

3.4. Жалға берушінің міндеттері:

1) Шарт талаптарына сәйкес жер участкесін беруге;

2) Жалға алушыға жер участкесіне құқықтық шектеулердің барлық ауыртпашылықтары туралы хабарлауға міндетті.

### **4. Қосымша талаптар**

4.1. Жалға алушы конкурстық өтінімде өндірістің көлемін ұлғайтуға және салық аударымдарын есіруге, ауыл округінің әлеуметтік инфрақұрылымын қолдау мен дамытуға мүмкінділік туғызатын қосымша міндеттемелер алса, бұл ұсныстар шарт жасасқан мерзімде өз күшінде қалады және өзгертілмейді.

4.2. \_\_\_\_\_

### **5. Тараптардың жауапкершіліктері**

5.1. Тараптар Шарт талаптарын орындамағаны немесе дұрыс орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес жауапкершілік алады.

### **6. Келіспеушіліктерді қарау тәртібі**

6.1. Шартқа қатысты туатын қайшылықтар, келіссөздер арқылы шешілмейтін барлық келіспеушіліктер, сот арқылы шешіледі.

### **7. Шарт мерзімдері**

7.1. Шарт, оны мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап  
кушине енеді.

7.2. Шарт екі данада жасалған, біреуі Жалға берушіге, екіншісі Жалға алушыға беріледі.

8. Тараптардың занды мекен-жайлары, реквизиттері:

Жалға беруші

(жергілікті атқаруышы  
органның атауы)

Мекен-жайы \_\_\_\_\_

Есеп-шоты \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(қолы) М.О.

Жалға алушы

(тұлғаның толық атауы,  
аты-жөні)

Мекен-жайы \_\_\_\_\_

Есеп-шоты \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(қолы) М.О.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК